Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

...тысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Қазақстан Республикасы өзінің ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне 1991 жылдың 16-желтоқсанында қол жеткізді. Әлбетте, өз егемендігі, тілі, жері, халқы бар мемлекет ішкі, сыртқы саясатын орнатып, әлемдік аренада өз орнын табып, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін жұмсауы қажет. 1991-2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы жаңа заман талаптарына сай бағдарламалар мен стратегиялар жүргізіп, оларды әлі де жалғастыруға мақсат қойып отыр.

Бүгінгі таңда жүзден астам мемлекет тәуелсіз өмір сүріп, күн артқан сайын дамып, көркеюде. Солардың арасында біздің жас, ірі бәсекеге қабілетті Қазақстанымыз да бар. Небәрі 34 жасқа толған Отанымыз тәуелсіздік алған жылдарынан бастап-ақ өзге елдермен тығыз дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып, әлемдік, тарихи маңызы бар ұйымдардың мүшесі болып отыр. Нақтырақ айтсақ, баршаға әйгілі Біріккен Ұлттар Ұйымына Қазақстан Республикасы 1992 жылдың 2-наурызында мүше болып қосылды. Білетініміздей, бұл ұйымның құрамында 100-ден астам мемлекет бар. Еліміз әлемдегі барша, яғни, көршілес Орта Азия, Батыс пен Таяу Шығыстағы ірі мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас орнатып, әрбір қол қойылған экономикалық, экологиялық, дипломатиялық келісімдер арқылы әлемдік аренада үстемдігін орнатып, нығайтуда. Сонымен қатар, Қазақстан - түркі мемлекеттермен, атап айтқанда, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан секілді көршілес елдермен Туран қауымдастығы, солайша басқа да ОА мемлекеттер...

бірігіп одақтар құруда. Еуразия мемлекеттерінің басшыла-
ры жыл сайын саммиттер өткізіп, елдер арасындағы
қарым-қатынасты, сауданың дамуы мен халықтың, әрбір
азаматтың құқығы жайлы жаңа келісім-сөздер жүргізуде.
Мәселен, 2024 жылдың 6 шілде күні Астана қаласында
маңызды саммит өткізілді. Бұл саммиттің басты мақ-
саттары: өзара байланысты нығайту, бір-біріне деген
бауырмалдық сезімді дәріптеу. Осы іс-шарадан кейін Қазақ-
стан мемлекеті әлемдік нарықта, сыртқы саясатта белгі-
лі бір орны бар елдер қатарына қосылды деп айталамын.
Айтып кетерлік жайт, БҰҰ, ЮНЕСКО-дан басқа Қазақ-
стан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының да
мүшесі болып саналады. Бұл ұйымға біз жақында ғана
қосылсақ та, Ресеймен, Қытаймен өте жақсы байланыс-
тамыз. Мысалы, Ресей Федерациясы қауіпсіздік, ал Қытай
сауда-саттық түр жағынан барынша көмек көрсетуде. Не
дегенмен, бұл ұйымдар тек қана экономика мен қауіпсіздікке
ғана емес, экологияға да зор ықпалын тигізеді. Оңтүсті-
гімізде орналасқан Арал теңізі XX ғасырдың 60-70 жылда-
рынан бастап тартылып, экологиялық апатқа ұшырап
жатыр. Бұл теңіз бізге шекаралас Өзбекстанмен ортақ
болғандықтан, ғалымдар мен екі мемлекеттің де эко-
логтары бірігіп, осы мәселені шешуге атсалысып жа-
тыр. Онымен қоса, әлемдегі ең үлкен көл- Каспий теңізі
де ірі апат алдында тұр. Дегенмен, бұл көл тек 1-2-
мемлекетке қана емес, Азияның 5 мемлекетіне тиесілі бо-
лып отыр. Сол себептен де, бұл көлдің экологиялық жағдайы
әлемдік ғалымдар арасында қарастырылу-

да. Осы Каспий теңізінің Өзбекстан, Қазақстан, Ресей және басқа да ірі мемлекеттерге ортақ болуы - еліміздің экономикасына кейін қауіпсіздігіне өз үлесін қосады. Шынын айтқанда, Каспий теңізі сауда-саттық үшін де, тауар тасымалы үшін де маңызды қызмет атқарады. Сондықтан да, Каспий теңізінің маңызы зор, әрі құқықтық мәртебесі жоғары екенін ешкім де жоққа шығара алмас. Қазақстанымыз өз шекараларын белгілеуді тек тәуелсіздік жылдары кезінде ғана емес, КСРО құрамында болғанда-ақ бастаған. Мәселен, 1925-30 жылдары кезінде ҚАКСР қалаларын межелеу саясаты аяқталған еді. Алайда, тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен кейін, межелеу саясаты тағы да өз жалғасын тапты. Орталық Азияда орналасқандықтан, еліміздің әрбір нүктесінен түрлі мемлекеттермен шектесіп, көршілес болып жатырмыз. Мысалы, оңтүстікте Өзбекстан, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, солтүстікте Ресеймен, шығыста Қытаймен шекаралас, құрлық арқылы болсын, теңіз арқылы болсын, Еуразия мемлекеттерімен көршілес болып жатырмыз. Орталық Азияда орналасқанымызды өзі - елімізге тыныш өмір сыйлап отыр. Сонымен қатар, өз шекарамызды дұрыс, әрі нақты белгілеу арқылы бүгінгі таңда территориясы бойынша ең ірі 10 мемлекет қатарына еніп отырмыз. Өз кезегінде - бұл елдің дамуына, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар, мемлекеттің соғыссыз, бейбіт өмір сүруіне зор үлесін қосады. Менің ойымша, өз қауіпсіздігінің қамын ойлаған әрбір мемлекет басынан-ақ өз шекараларын бекітіп, оны құжат бойынша әзірлеген, содан кейін ғана өзге де сыртқы саясат

мәселелеріне көңіл аударуы қажет.

Өз ойымды қорытындылайтын болсам, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген сыртқы саясаты өте орынды деп білемін. Соның ішінде өзге, әрі көршілес мемлекеттермен тығыз дипломатиялық қарым-қатынастар орнату, дүниежүзі бойынша әртекті ұйымдарға мүше болу - мемлекеттің жан-жақты дамуына, тұрақтылығына себепші болады. Біз - Еуразия жүрегінде орналасқан, тарихы тереңге жатқан мемлекеттердің біріміз. Сол себептен, біз үшін қауіпсіздік пен ел егемендігі - ең басты мұра мен асыл аманат!


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ